



2025 ж.


ҚазҰАЗУ Е 460



19 беттің 1-ші беті

Енгізген:

Ғылым департаментінің
директоры


(қолы)
«__» _____ 2025 ж.

А.Султанов

Келісілді:

Басқарма Төрағасы – Ректордың
Бірінші орныбасары


(қолы)
«__» _____ 2025 ж.

П.Ибрагимов

Академиялық мәселелер жөнідегі
департамент директоры


(қолы)
«__» _____ 2025 ж.

Г. Алпысбаева

Қаржы директоры


(қолы)
«__» _____ 2025 ж.


А. Сыдыков

Персоналмен жұмыс және іс
жүргізу басқармасының бастығы


(қолы)
«__» _____ 2025 ж.

А.Оспанова

Құқықтық қамтамасыз ету
бөлімінің бастығы


(қолы)
«__» _____ 2025 ж.

С.Ордабаева

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	4
2	Нормативтік сілтемелер	4
3	Негізгі ұғымдар.....	4
4	Белгілеулер мен қысқартулар.....	7
5	Жауапкершілік және өкілеттіктер.....	8
6	Ереженің қолданылу саласы, мақсаттары мен міндеттері.....	8
7	Қорғау құжаттары бойынша заңдық маңызы бар әрекеттерге ақы төлеу тәртібі.....	11
8	Қорғау құжатын беруге өтінім беру тәртібі.....	12
9	Авторлық құқықтарды ресімдеу рәсімі.....	12
10	Зияткерлік меншікті басқару жөніндегі комиссияның қызметі.....	13
11	Зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыру.....	14
12	Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін (ҒҒТҚН) құру және енгізу (пайдалану) үшін сыйақы беру.....	15
13	Материалдық емес активтерді (МЕА) есепке алу және зияткерлік меншік объектілерінің (ЗМО) құнын бағалау тәртібі.....	15
14	Құпиялылық.....	15
	А қосымшасы. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін (ҒҒТҚН) құру туралы хабарлама.....	17

1. ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ-ның зияткерлік меншікті басқару туралы осы ережесі (бұдан әрі – Ереже) білім беру және ғылыми-техникалық қызмет шеңберінде жасалатын зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелерін құқықтық қорғауды қамтамасыз ету және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін пайдалану саласындағы негізгі құжат болып табылады.

Зияткерлік меншікті басқару туралы ереже «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ (бұдан әрі – ҚазҰАЗУ) профессор-оқытушылар құрамының, ғылыми қызметкерлерінің және білім алушыларының зияткерлік меншігін басқару тәртібін айқындайды.

Осы Ереженің талаптарын Университеттің барлық қызметкерлері өз қызметінде басшылыққа алуға міндетті.

2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі;

«Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №103-VIII ҚРЗ Заңы;

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі № 427 Патент заңы;

«Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі №422-I Заңы;

«Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы №6 Заңы;

«Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 10 қаңтардағы №133-VI ҚРЗ Заңы;

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 13 мамырдағы №415 Заңы;

«Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 қаңтардағы №142 Заңы;

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III Заңы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ Жарғысы;

ХС ISO 9001:2016 «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар».

3. НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

Осы Ережеде келесі негізгі ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

Авторлық құқық – автордың жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары (ғылым, әдебиет және өнер туындыларын пайдалануға байланысты туындайтын қатынастарды реттейтін азаматтық құқықтың бөлігі).

Автор – шығармашылық еңбегімен зияткерлік меншік объектісін жасаған жеке тұлға. Егер өнеркәсіптік меншік объектісін жасауға бірнеше жеке тұлға қатысса, олардың барлығы оның авторлары (бірлескен авторлары) болып танылады. Бірлескен авторларға тиесілі құқықтарды пайдалану тәртібі олардың арасындағы келісіммен айқындалады. Өнеркәсіптік меншік объектісін жасауға жеке шығармашылық үлес

қоспаған, авторға тек техникалық, ұйымдастырушылық немесе материалдық көмек көрсеткен не оған құқықтарды ресімдеуге және пайдалануға ғана ықпал еткен жеке тұлға автор болып танылмайды. Авторлық құқық ажыратылмайтын жеке құқық болып табылады және мерзімсіз қорғалады.

Авторлық шарт – бір немесе бірнеше авторлық құқық объектілерін пайдалануға мүлктік құқықтарды беруге бағытталған шарт. Авторлық шарт лицензиялық шарттың баламасы болып табылады.

Бюллетень – өнеркәсіптік меншік объектілерін қорғау мәселелері бойынша ресми мерзімді басылым.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін енгізу (пайдалану) – жаңа өнімді игерудің немесе жаңа технологияны енгізудің ғылыми-сздірістік циклінің қорытынды кезеңін іске асыруға бағытталған қызмет.

Құқықтарды беру шарты – бір тарап (құқық иеленуші) зияткерлік меншік объектісіне айрықша құқықты басқа тұлғаға беретін шарт. Құқықтарды беру шартының нәтижесінде зияткерлік меншік объектісіне айрықша құқық басқа тұлғаға өтеді.

Еуразиялық өтінім – 1994 жылғы 9 қыркүйектегі Еуразиялық патенттік конвенцияға сәйкес берілген еуразиялық патент алуға арналған өтінім.

РСТ (халықаралық өтінім) – Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес берілген өтінім.

Өтінім – өнертабысқа, пайдалы модельге, селекциялық жетістікке, өнеркәсіптік тұлғиге, тауар белгісіне, еуразиялық патентке, шетелдік патентке патент беруге арналған өтінім, РСТ өтінімі, авторлық құқық объектісіне құқықтарды тіркеу туралы куәлік және басқа да өтінімдер.

Инвестор – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларына инвестиция салатын Қазақстан Республикасының резиденті немесе резиденті емес заңды және/немесе жеке тұлға.

Зияткерлік меншік – құқықтық қорғау берілетін зияткерлік қызмет нәтижелері және оларға теңестірілген заңды тұлғаларды, тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді және кәсіпорындарды дараландыру құралдары. Зияткерлік меншік объектілеріне авторлық құқық және өнеркәсіптік меншік жатады.

Айрықша құқық – патент иеленушінің зияткерлік меншік объектісін өз қалауы бойынша кез келген тәсілмен пайдалануға арналған мүлктік құқығы.

Аралас төлем – біржолғы (паушалдық) және мерзімді төлемдердің (роялтидің) үйлесімі.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру – жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен көрсетілетін қызметтерді нарыққа шығару және табыс алуға бағытталған зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелерін практикалық қолданумен байланысты қызмет.

Коммерциялық құпия – үшінші тұлғаларға белгісіз болуына байланысты нақты немесе әлеуетті коммерциялық құндылығы бар, заңды негізде еркін қолжетімділігі жоқ және иесі оған қатысты коммерциялық құпия режимін енгізген ақпарат (ғылыми-техникалық, технологиялық, өндірістік, қаржылық-экономикалық немесе өзге де ақпарат), оның ішінде өндіріс құпияларын (ноу-хау) құрайтын мәліметтер.

Лицензиялық шарт – патент иеленуші (лицензиар) екінші тарапқа (лицензиатқа) өнеркәсіптік меншік объектісін, селекциялық жетістіктерді және (немесе) құқықтық қорғау берілетін тауарларды, қызметтерді, кәсіпорындарды, заңды тұлғаларды

дараландыру құралдарын белгілі бір тәсілмен уақытша пайдалану құқығын беретін шарт.

Лицензиялық төлем – сатушыға (лицензиарға) сатып алушыға (лицензиатқа) лицензиялық келісім нысанасын пайдалану құқығын бергені үшін төленетін сыйақы. Лицензиялық төлемдерге паушалдық төлем, роялти немесе аралас төлем жатады.

Халықаралық өтінім – 1970 жылғы 19 маусымдағы Патенттік кооперация туралы шартқа сәйкес берілген өтінім.

Бағалау әдісі – зияткерлік меншік объектілерін пайдалануға арналған айрықша құқықтардың құнын есептеу кезінде қолданылатын әдістер; бағалау мақсатына және оның нәтижелерін пайдалану тәсіліне байланысты анықталады. Бағалау объектісінің нарықтық немесе өзге де құнын белгілеуге бағытталған құқықтық, қаржылық-экономикалық және ұйымдастырушылық-техникалық сипаттағы әрекеттер жиынтығы.

Материалдық емес активтер (МЕА) – өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, тауар белгілері және басқа да объектілер, оларға құқықтардың материалдық көрінісі айрықша құқық құжаттары, патенттер немесе авторлық құқық объектісіне құқықтарды тіркеу туралы куәліктер болып табылады. Материалдық емес активтерге ноу-хауға құқықтар, сондай-ақ құқық иеленушілерден лицензия сатып алу нәтижесінде алынған құқықтар да жатады.

Зияткерлік меншік объектілері (ЗМО) – зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелері және азаматтық айналым қатысушыларын, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді дараландыру құралдары (өнертабыстар, пайдалы модельдер, өнеркәсіптік үлгілер, селекциялық жетістіктер, тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, фирмалық атаулар, тауар шығарылған жерлердің атаулары, авторлық құқық объектілері және басқалар).

Өнеркәсіптік меншік объектілері – өнертабыстар, пайдалы модельдер және өнеркәсіптік үлгілер.

Қорғау құжаты – басымдықты, авторлықты және оның иелерінің патент немесе куәлік нысанасын белгілі бір мерзім ішінде пайдалану құқығын растайтын құжат, оның ішінде патент иесінің келісімінсіз үшінші тұлғалардың патенттелген объектіні кез келген түрде пайдалануына тыйым салу құқығын қамтиды (еуразиялық патент, өнертабысқа патент, пайдалы модельге патент, өнеркәсіптік үлгіге патент, селекциялық жетістік және т.б.).

Бағалаушы – зияткерлік меншік саласындағы бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға.

Патент иеленуші – заңнамада белгіленген тәртіппен патент алған және патентпен берілетін құқықтық қорғаудың толық көлемін пайдаланатын жеке немесе заңды тұлға.

Паушалдық төлем – лицензиялық шарт бойынша лицензия нысанасын пайдалану құқығы үшін экономикалық әсер (пайда) алынғанға дейін төленетін біржолғы немесе кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын белгіленген сыйақы сомасы. Паушалдық төлем мәні бойынша лицензия бағасы болып табылады.

Коммерцияландыру жобасы – ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін, оның ішінде зияткерлік қызмет нәтижелерін практикалық қолдануға, жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен қызметтерді нарыққа шығаруға және табыс алуға бағытталған жоба.

Қызметкер – жұмыс берушімен еңбек қатынастарына түскен жеке тұлға, оның

ішінде қоса атқару (уақытша сипаттағы) бойынша және тұрақты негізде жұмыс істейтін тұлға, сондай-ақ студенттер, магистранттар және докторанттар.

Жұмыс беруші – «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ дербес заңды тұлға ретінде өз құзыреті шегінде қызметін жүзеге асыру кезінде осы Ережені басшылыққа алады.

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі (ФФТҚН) – ғылыми-техникалық қызметті орындау барысында алынған және кез келген ақпараттық тасымалдағышта тіркелген жаңа білім немесе шешімдер, ғылыми әзірлемелер мен технологияларды өндіріске енгізу, сондай-ақ модельдер, макеттер, жаңа бұйымдардың, материалдар мен заттардың үлгілері және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде немесе өзге де заңнамалық актілерінде көзделген басқа да зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелері.

Коммерциялық құпия режимі – нақты немесе әлеуетті коммерциялық құндылығы бар ақпаратты қорғауды қамтамасыз ететін ерекше режим. Ол мынадай қорғау шараларын қамтиды:

- 1) коммерциялық құпияны құрайтын ақпарат тізбесін айқындау;
- 2) ақпаратпен жұмыс істеу тәртібін белгілеу және оның сақталуын бақылау арқылы коммерциялық құпияға қолжетімділікті шектеу;
- 3) коммерциялық құпияға қол жеткізген және (немесе) осы ақпарат берілген тұлғаларды есепке алу.

Роялти – лицензиялық сыйақының түрі, зияткерлік меншік объектілерін пайдаланғаны үшін лицензиаттың лицензиарға белгілі бір келісілген уақыт аралығында төлейтін тұрақты пайыздық төлемдері. Келісімдерде роялти мөлшерлемесі лицензиялық өнімнің таза сатылым құнынан пайыз түрінде немесе шығарылатын өнім бірлігіне есептеліп белгіленеді.

Қызметтік зияткерлік меншік объектілері (қызметтік ЗМО) – қызметкер өзінің қызметтік міндеттерін немесе жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындау барысында, сондай-ақ жұмыс берушіге тиесілі материалдық-техникалық құралдарды пайдалану нәтижесінде жасаған зияткерлік меншік объектілері.

Зияткерлік меншікті басқару – зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелерін басқару рәсімдерін іске асыруды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық және нормативтік шаралар, сондай-ақ бағдарламалық-техникалық құралдар жиынтығы.

Құқықты беру (басқаға беру) – құқық иеленушінің зияткерлік меншік объектісіне айрықша құқықты үшінші тұлғалардың пайдасына беруі.

Қаржыландырылатын тақырып – республикалық және/немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік тапсырыс бойынша жүзеге асырылатын ғылыми зерттеу.

4. БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

ЗМ – зияткерлік меншік

ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмыстары

ГҚ – гранттық қаржыландыру

ҒЗТҚЖ – ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар

МЕА – материалдық емес активтер

ЗМО – зияткерлік меншік объектісі

ПОҚ – профессор-оқытушылар құрамы

ЗМБЕ – «ҚазҰАЗУ» КеАҚ зияткерлік меншікті басқару туралы ережесі

ҒҒТҚН – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижесі
ЗЕҚН – зияткерлік еңбек қызметінің нәтижесі

5. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

5.1 Осы Ережені ҚазҰАЗУ Басқарма Төрағасы – Ректоры бекітеді.

5.2 Ережені әзірлеуге, атап айтқанда оның мазмұнына, құрылымына, рәсімделуіне, бекітілуіне және енгізілуіне патенттанушы жауапты болады.

5.3 Бекітілген Ережені құрылымдық бөлімшенің тиісті қызметкерлерінің назарына жеткізу жауапкершілігі бөлімше басшысына жүктеледі.

6. ЕРЕЖЕНІҢ ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ, МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1 Осы Ереже ҚазҰАЗУ-дың ғылыми және білім беру қызметі шеңберінде жасалатын зияткерлік-шығармашылық қызмет нәтижелерін жасау, олардың құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін пайдалану саласындағы қызметті реттеуге арналған негізгі құжат болып табылады.

6.2 Жұмыс беруші мен оның қызметкерлері арасындағы, сондай-ақ Ереженің 6.7-тармағына сәйкес өзге де тұлғалармен туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Ережеге сәйкес реттеледі.

6.3 Зияткерлік меншікті басқарудың мақсаты ҚазҰАЗУ профессор-оқытушылар құрамы мен ғылыми қызметкерлерінің ғылыми және білім беру қызметі шеңберінде жүзеге асыратын зияткерлік шығармашылық қызметі нәтижесінде алынған зияткерлік меншікті қорғауды қамтамасыз ету; құқықтық қатынастар субъектілері арасында зияткерлік қызмет нәтижелеріне құқықтардың тиесілігін және бөлінуін айқындау; зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды беру тәсілдерін белгілеу, сондай-ақ автор/авторлар мен Жұмыс беруші арасындағы өзара қатынастарды реттеу болып табылады.

6.4 Зияткерлік меншікті басқарудың негізгі міндеттері:

- зияткерлік меншікті құру, құқықтық қорғау және пайдалану саласында бірыңғай саясат жүргізу;

- ҚазҰАЗУ құрылымдық бөлімшелерінде өнертапқыштық қызметті ынталандыратын ортаны дамытуға ықпал ету;

- зияткерлік меншікті құқықтық қорғауды және оның нәтижелерін пайдалануды қамтамасыз ету;

- ұлттық, өңірлік және шетелдік патенттерді ресімдеу және алу, сондай-ақ РСТ өтінімдерін беру үшін қажетті өтінімдер мен техникалық құжаттаманы дайындау бойынша консультациялық қызмет көрсету;

- қорғау құжаттарын алуға өтінім беру тәртібін ұйымдастыру;

- ҚазҰАЗУ-дың қорғау құжаттарын есепке алу және жүйелеуді жүзеге асыру;

- зияткерлік меншік объектілерін мемлекеттік тіркеу (қорғау құжатын алу) және (немесе) коммерциялық құпия режимін енгізу (ноу-хау мәртебесін беру) арқылы кешенді қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ зияткерлік меншікке қатысты ақпараттың құпиялылығын сақтау бойынша қажетті шаралар қабылдау;

- зияткерлік меншік объектілерін коммерцияландыруға ықпал ету.

6.5 ҚазҰАЗУ қызметкерлерінің ғылыми және білім беру қызметі шеңберінде жүзеге асырылатын зияткерлік шығармашылық қызметінің нәтижесінде келесі

зияткерлік меншік объектілері құрылуы мүмкін:

Өнертабыстар – Қазақстан Республикасының Патент заңының 6-бабы 2-тармағына сәйкес өнертабыс ретінде кез келген саладағы өнімге (құрылғыға, затқа, микроорганизм штаммына, өсімдіктер немесе жануарлар жасушаларының культурасына), тәсілге (материалдық құралдардың көмегімен материалдық объектіге әрекеттер жасау процесіне), сондай-ақ белгілі өнімді немесе тәсілді жаңа мақсатта не жаңа өнімді белгілі бір мақсатта қолдануға қатысты техникалық шешімдер қорғалады. Қазақстан Республикасы Патент заңының 6-бабы 3-тармағында өнертабыс ретінде танылмайтын объектілер тізбесі қарастырылғанына назар аудару қажет: жаңалықтар, ғылыми теориялар және математикалық әдістер; шаруашылықты ұйымдастыру және басқару әдістері; шартты белгілер, кестелер, ережелер; ойлау операцияларын орындау және ойын жүргізу ережелері мен әдістері; есептеу машиналарына арналған бағдарламалар мен алгоритмдер; құрылыстарды, ғимараттарды, аумақтарды жоспарлау жобалары мен схемалары; бұйымдардың тек сыртқы түріне қатысты ұсыныстар; қоғамдық тәртіпке, ізгілік пен мораль қағидаттарына қайшы келетін ұсыныстар.

Пайдалы модельдер – Қазақстан Республикасының Патент заңының 7-бабы 1-тармағына сәйкес пайдалы модельге кез келген саладағы өнімге (құрылғыға, затқа, микроорганизм штаммына, өсімдіктер немесе жануарлар жасушаларының культурасына), тәсілге (материалдық құралдардың көмегімен материалдық объектіге әрекеттер жасау процесіне), сондай-ақ белгілі өнімді немесе тәсілді жаңа мақсатта не жаңа өнімді белгілі бір мақсатта қолдануға қатысты техникалық шешімдер жатады. Бұған адамдарды немесе жануарларды емдеудің терапиялық және хирургиялық тәсілдері кірмейді.

Өнеркәсіптік үлгілер – өнеркәсіптік немесе қолөнер өндірісі бұйымының сыртқы түрін айқындайтын көркемдік-конструкторлық шешім. Қазақстан Республикасының Патент заңына сәйкес, егер өнеркәсіптік үлгінің маңызды белгілерінің жиынтығы бұйым кескіндерінде көрсетілген және өнеркәсіптік үлгінің маңызды белгілерінің тізбесінде келтірілген түрде оның басымдық күніне дейін әлемде жалпыға қолжетімді болған мәліметтерден белгісіз болса, өнеркәсіптік үлгі жаңа болып табылады.

Өнеркәсіптік үлгі сыртқы түрі болуы мүмкін өнім шығарылатын адам қызметінің кез келген саласында жасалуы мүмкін (іс жүзінде кез келген заттар). Өнеркәсіптік үлгі ретінде қорғалатын шешімдер адам қызметінің әртүрлі салаларына қатысты болуы мүмкін – киім бұйымдарынан бастап күрделі конструкторлық шешімдерге дейін (автомобильдер, катерлер және т.б.). Өнеркәсіптік үлгі объектінің сыртқы түріне қатысты болғандықтан, әлемдік тәжірибеде өнеркәсіптік үлгіні белгілеу үшін жиі «дизайн» ұғымы қолданылады. Өнеркәсіптік үлгі ретінде келесі шешімдер танылмайды: тек бұйымдардың техникалық функциясымен байланысты шешімдер; сәулет объектілері (шағын сәулет нысандарынан басқа), өнеркәсіптік, гидротехникалық және басқа да тұрақты құрылыстар; сұйық, газ тәрізді, сусымалы немесе соларға ұқсас заттардан жасалған тұрақсыз пішіндегі объектілер.

Селекциялық жетістіктер – Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 422-І «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы» Заңына сәйкес селекциялық жетістікке құқық патентпен расталады. Патент жаңалығы, ерекшелігі, біртектілігі және тұрақтылығы бар селекциялық жетістікке беріледі.

Селекциялық жетістікке берілетін патентпен қамтамасыз етілетін құқықтық қорғау көлемі сорттың, тұқымның сипаттамасына енгізілген белгілер жиынтығымен

айқындалады. Селекциялық жетістікке патент алдын ала сараптама және патентке қабілеттілік сараптамасының нәтижелері бойынша беріледі.

Тауар белгілері – бір заңды немесе жеке тұлғалардың тауарларын (көрсетілетін қызметтерін) басқа заңды немесе жеке тұлғалардың біртекті тауарларынан (көрсетілетін қызметтерінен) ажырату үшін қолданылатын белгі.

Тауар белгісі ретінде бейнелік, сөздік, әріптік, цифрлық, көлемдік және өзге де белгілер немесе олардың комбинациялары тіркелуі мүмкін. Тауар белгісі кез келген түсте немесе түстер үйлесімінде тіркелуі мүмкін.

Тауар белгісінің иесі куәлікте көрсетілген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге қатысты өзіне тиесілі тауар белгісін пайдалану және оған билік ету бойынша айрықша құқыққа ие. Қазақстан Республикасында қорғалатын тауар белгісін оның иесінің келісімінсіз ешкім пайдалана алмайды.

Авторлық құқық – автордың жеке мүліктік емес және мүліктік құқықтары. Авторлық құқық және сабақтас құқықтар авторлардың, суретшілердің, музыканттардың, орындаушылардың, хабар тарату ұйымдарының және басқа да шығармашылық тұлғалардың әдеби немесе көркем туындыларына қатысты құқықтарын қорғайды.

Авторлық құқық қандай да бір объективті нысанда бар жарияланған (жарыққа шығарылған, басып шығарылған, көпшілік алдында орындалған немесе көрсетілген), сондай-ақ жарияланбаған туындыларға қолданылады, оның ішінде:

жазбаша нысандағы (қолжазба, машиналық жазба, ноталық жазба және т.б.); ауызша нысандағы (көпшілік алдында айту, көпшілік алдында орындау және т.б.); дыбыс немесе бейнежазба түріндегі (механикалық, цифрлық, магниттік, оптикалық және т.б.); бейнелеу түріндегі (сурет, эскиз, картина, жоспар, сызба, кино, теле-, бейне немесе фотокадр және т.б.); көлемдік-кеңістіктік нысандағы (мүсін, модель, макет, құрылыс және т.б.); өзге де нысандардағы туындылар.

6.6 Зияткерлік меншік объектілерін (ЗМО) құру және қолдау келесі көздерден қаржыландырылады:

- университет қаражаты есебінен;
- ғылыми-техникалық жобалар/бағдарламалар қаражаты есебінен;
- автордың жеке қаражаты есебінен.

6.7 Жұмыс берушінің қызметтік міндеттерін немесе қызметтік тапсырмасын орындау тәртібімен жасалған ЗМО-ға автордың жеке мүліктік емес құқығы авторға тиесілі. Қызметкер өзінің қызметтік міндеттерін немесе Жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындау барысында жасаған ЗМО-ға айрықша (мүліктік) құқық, егер олардың арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, Жұмыс берушіге тиесілі болады.

6.8 Қызметтік ЗМО-ны кез келген пайдалану кезінде Жұмыс берушінің атауын көрсету талап етіледі. Егер қызметтік ЗМО бірнеше жұмыс берушінің шарт негізінде бірлескен жұмысты орындауы нәтижесінде авторлар тарапынан жасалса, аталған ЗМО-ға осы жұмыс берушілердің құқықтары олардың арасындағы шартпен айқындалады. Басқа ұйымдармен шарт жасасу жауапкершілігі ҚазҰАЗУ қызметкері болып табылатын авторға жүктеледі.

6.9 Қызметтік ЗМО жасалған жағдайда автор Жұмыс берушіге зияткерлік еңбек қызметінің нәтижесін (ЗЕКН) жасау туралы жазбаша хабарлама жолдау арқылы оның жасалғаны туралы хабарлайды және қызметтік ЗМО жасалған фактісі анықталған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде Патенттанушыға ұсынады.

Хабарлама автордың (авторлардың) қолымен расталуы және келесі мәліметтерді

қамтуы тиіс:

- автордың тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), атқаратын лауазымы және байланыс деректері (телефон нөмірі, электрондық пошта);
- қызметтік ЗМО атауы (өнертабыс, пайдалы модель, тауар белгісі, авторлық құқық объектісі, селекциялық жетістік);
- оның жасалу шарттары мен орны, болжамды қолданылу саласы;
- мәнін ашуға, санатын анықтауға және өнертабыстың/туындының Жұмыс беруші қызметінде қолдануға жарамдылығын бағалауға жеткілікті толық көлемде жасалған сипаттама және басқа да мәліметтер.

Патенттанушы ЗМО ұсынылған күні оны қабылдап, ілгерілету бойынша жұмысты бастауға міндетті. Егер өтінімді ресімдеу үшін қажетті сипаттама және басқа да мәліметтер толық болмаса, Патенттанушы қызметкерден қызметтік ЗМО туралы қосымша материалдарды сұратуға құқылы, ал қызметкер аталған қосымша материалдарды ұсынады.

6.10 Селекциялық жетістікті жасау туралы барлық авторлар қол қойған хабарлама селекциялық жетістікті патенттеудің орындылығы туралы қорытындымен бірге ұсынылады.

7. ҚОРҒАУ ҚҰЖАТТАРЫ БОЙЫНША ЗАҢДЫҚ МАҢЫЗЫ БАР ӘРЕКЕТТЕРГЕ АҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ

7.1 Гранттық қаржыландыру шеңберіндегі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды; мемлекеттік тапсырыс бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды; шаруашылық шарттарды (келісімшарттық зерттеулерді) іске асыру барысында қызметтік міндеттерді немесе Жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындау кезінде ЗМО құрылған жағдайда, қорғау құжатын алуға арналған заңдық маңызы бар әрекеттерге (патенттік баждарға) ақы төлеу, сондай-ақ олардың қолданылуын қолдау ғылыми жобалар/бағдарламалар бюджетінде көзделген қаражат есебінен жүзеге асырылады.

7.2 Осы Ереженің 7.1-тармағында көрсетілген жобалар мен бағдарламаларды іске асыру аяқталғаннан кейін қорғау құжаттарының қолданылуын одан әрі қолдау қажеттілігі туралы мәселе ЗМ авторының өтініші негізінде қаралады және Комиссияның қарауына шығарылады.

7.3 ЗМО-ға өтінім беруге рұқсат беру, оны ілгерілету және патенттік ведомствода төлем жүргізу жөніндегі барлық шешімдер Комиссия тарапынан алқалы түрде қабылданады.

7.4 Гранттық қаржыландыру шеңберіндегі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды; бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды; шаруашылық шарттарды (келісімшарттық зерттеулерді) іске асыру барысында бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми жобада/бағдарламада қаражат болмаған жағдайда, ЗМО-ға қорғау құжаттарын алуға байланысты заңдық маңызы бар әрекеттерге ақы төлеу мәселесі осы Ереженің 11-тармағына сәйкес Комиссияның қарауына шығарылады.

7.5 Бастамашылық ҒЗТКЖ орындау, қызметтік тапсырмаларды немесе Жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындау кезінде Жұмыс берушінің жеке қаражаты есебінен ЗМО құрылған жағдайда, қызметтік ЗМО-ға қорғау құжаты бойынша

мүліктік құқықтарды ресімдеу мәселесі осы Ереженің 11-тармағына сәйкес Комиссияның қарауына шығарылады.

7.6 Қорғау құжатын алуға байланысты заңдық маңызы бар әрекеттерге ақы төлеу қажет болған жағдайда (мемлекеттік қаржыландыруы бар жоба бойынша) автор төлемді жүзеге асыру үшін барлық құжаттар топтамасын (құжат айналым жүйесіндегі қызметтік жазбаны, төлем шоттарын) дайындайды.

7.7 Бухгалтерия төлем жүргізгеннен кейін ЗМ авторы төлем тапсырмасының көшірмесін тиісті патенттік ведомствоға одан әрі жолдау үшін патенттанушыға береді.

7.8 Қорғау құжаттарының күшін одан әрі сақтау бойынша Комиссияның оң шешімін алған қорғау құжаттары бойынша патенттанушы қорғау құжатының күшін сақтау үшін төлем шотын ұсыну туралы патенттік ведомствоға сұрау жібереді. Төлем жүргізу рәсімі мемлекеттік сатып алу туралы шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

8. ҚОРҒАУ ҚҰЖАТЫН БЕРУГЕ ӨТІНІМ БЕРУ ТӘРТІБІ

8.1 Қорғау құжатын алуға өтініш беру үшін автор Патенттанушыға келесі құжаттарды ұсынады:

- белгіленген нысандағы өтініштің 1 данасы (қағаз және электрондық тасымалдағышта);
- өнертабыс сипаттамасының 1 данасы (қағаз және электрондық тасымалдағышта);
- рефераттың 1 данасы (қағаз және электрондық тасымалдағышта);
- өнертабыс формуласының 1 данасы (қағаз және электрондық тасымалдағышта);
- сызбалардың немесе өзге де материалдардың 1 данасы (бар болған жағдайда) (қағаз және электрондық тасымалдағышта);
- ЗМО бастамашылық тәртіппен ұсынылған жағдайда кафедраның өтінішхаты және ұсынымы;
- гранттық қаржыландыру (ГҚ) жобасы бойынша патент берілген жағдайда ішкі құжат айналымы арқылы ұсынылатын қызметтік жазба.

Пайдалы модель және Еуразиялық патент үшін де осыған ұқсас құжаттар топтамасы қалыптастырылады.

9. АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫ РӘСІМДЕУ РӘСІМІ

9.1 Ғылым туындысына авторлық құқық оның жасалу фактісіне байланысты туындайды. Авторлық құқықтың пайда болуы және жүзеге асырылуы үшін туындыны тіркеу, оны арнайы ресімдеу немесе қандай да бір формальдылықтарды сақтау талап етілмейді.

Өзінің айрықша мүліктік құқықтары туралы хабарлау үшін автор және (немесе) құқық иеленуші туындының әрбір данасында орналастырылатын және міндетті түрде үш элементтен тұратын авторлық құқықты қорғау белгісін пайдалануға құқылы:

- 1) шеңбер ішіндегі латынның «С» әрпі;
- 2) айрықша авторлық құқық иесінің аты (атауы);
- 3) туындының алғаш жарияланған жылы.

9.2 Автор жарияланбаған туындыға жеке мүліктік емес құқықтарын растау үшін авторлық құқықты қорғау мерзімі ішінде кез келген уақытта авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізіліміне қажетті мәліметтерді енгізуге құқылы. Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың

мемлекеттік тізіліміне мәліметтер енгізу туралы куәлік қорғау құжаты болып табылмайды.

9.3 Жұмыс берушінің қызметтік міндеттерін немесе қызметтік тапсырмасын орындау тәртібімен жасалған туындыға (қызметтік туындыға) автордың жеке мүліктік емес құқығы қызметтік туынды авторына тиесілі.

9.4 Қызметтік туындыға мүліктік (айрықша) құқықтар, егер Жұмыс беруші мен автор арасындағы шартта өзгеше көзделмесе, Жұмыс берушіге тиесілі болады.

9.5 Жұмыс беруші қызметтік туындыны кез келген пайдалану кезінде өзінің атауын көрсетуге немесе осындай көрсетуді талап етуге құқылы.

9.6 Автор жарияланбаған туындыға жеке мүліктік емес құқықтарын растау үшін, сондай-ақ құқық иеленуші туындыға айрықша мүліктік құқықтарының бар екенін растау үшін авторлық құқықты қорғау мерзімі немесе тиісті шарттардың қолданылу мерзімі ішінде кез келген уақытта оларды ресми тізілімдерде тіркеуге құқылы.

9.7 Туындыға авторлық құқық оның қандай да бір объективті нысанда жасалған сәтінен бастап туындайды және сол сәттен бастап қорғалады. Мемлекеттік тіркеуге ғылыми туындылар қабылданады: авторлық дәрістер, оқулықтар, әдістемелік ұсынымдар, тесттер және басқа да материалдар.

9.8 Авторлық құқықпен қорғалатын туындыға құқықтарды мемлекеттік тіркеудің ресми растамасы – туындылар мен объектілерге құқықтарды тіркеудің мемлекеттік тізіліміне мәліметтерді енгізу, сондай-ақ ЗМО-ға құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлік болып табылады.

9.9 Құқық иеленушінің мүдделерін қорғау мақсатында, егер қандай да бір себептермен авторлар қызметтік тапсырманы орындау немесе қызметтік міндеттер шеңберінде алынған зияткерлік меншік объектілеріне құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті өз атына ресімдеген жағдайда, авторлар айрықша құқықтарды беру туралы авторлық шарт негізінде мүліктік құқықтарды Жұмыс берушіге өтеусіз негізде беруге міндетті.

9.10 Авторлық құқықтарды іске асыруға байланысты кез келген өзге мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

10. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІКТІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

10.1 Зияткерлік меншікті тиімді басқаруды қамтамасыз ету мақсатында Жұмыс беруші зияткерлік меншікті басқару жөніндегі Комиссия құрады.

10.2 Комиссияның өкілеттіктері:

- авторлар ұсынған ақпаратты өзектілігі, өнеркәсіптік қолданылуы, перспективалылығы және ЗМО-ны коммерцияландыру мүмкіндігі тұрғысынан талдау арқылы патенттеу қажеттілігін анықтау мақсатында қорғау құжаттарын алуға арналған өтінімдерді қарау;

- ЗМО-ға мүліктік құқықтарды Жұмыс берушінің атына ресімдеу және қорғау құжаттарының күшін сақтау туралы шешім қабылдау;

- мүліктік құқықтарды үшінші тұлғаларға беру мәселесін қарау және аталған мәселені ҚазҰАЗУ Басқармасының қарауына шығару туралы әрі қарай шешім қабылдау;

- өзге де мәселелерді қарау.

10.3 Тиімділік, өзектілік, өнеркәсіптік қолдану мүмкіндігі, перспективалылық және ЗМО-ны коммерцияландыру қағидаттарын басшылыққа ала отырып, Комиссия

ҚазҰАЗУ патенттік портфелін басқару мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

10.4 Комиссия отырыстары қажеттілігіне қарай немесе ҚазҰАЗУ құрылымдық бөлімшелерінің бастамасы бойынша өткізіледі.

10.5 Комиссия құрамына мыналар кіреді:

- Комиссия төрағасы – Басқарма Төрағасы – Ректордың бірінші орынбасары;
- Ғылым департаментінің директоры;
- қаралатын өтінімдердің бағыттарына сәйкес факультет декандары, кафедра меңгерушілері (ЗМО авторы жұмыс істейтін кафедра меңгерушісінің өтінішхаты болған жағдайда) (қажет болған жағдайда);
- Қаржы директоры;
- Коммерцияландыру офисінің басшысы;
- Патенттанушы (дауыс беру құқығынсыз);
- өзге тұлғалар (қажет болған жағдайда).

10.6 Комиссия шешімдері автордың жұмыс орнынан ұсынылған өтінішхат болған жағдайда көпшілік дауыспен қабылданады. Соңғы шешімді Комиссия төрағасы қабылдайды.

10.7 Комиссия шешімдері автор/бірлескен авторлар ұсынған өтінім материалдары, қорғау құжатын одан әрі коммерцияландыру және/немесе зияткерлік меншік объектілерін практикалық қызметте қолдану перспективалары туралы негіздеме негізінде қабылданады.

10.8 Комиссия оң шешім қабылдаған жағдайда патенттанушы өтінімді беру, ЗМО-ны ішкі есепке алу және мониторинг жүргізу бойынша әрі қарай жұмысты жүзеге асырады.

10.9 Комиссия Жұмыс берушінің атына мүлктік құқықтарды ресімдеу туралы теріс шешім қабылдаған жағдайда, қорғау құжатын алу құқығы Комиссия шешімі бойынша ЗЕКН авторына/авторларына немесе өзге тұлғаларға өтеді.

11. ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІН КОММЕРЦИЯЛАНДЫРУ

11.1 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін (ҒҒТҚН) коммерцияландыру жобалық, білім беру және ғылыми қызметпен қатар ҚазҰАЗУ қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады.

11.2 Жеке және заңды тұлғалардың ҒҒТҚН-ға құқықтарын іске асыру коммерцияландыру тетіктері арқылы жүзеге асырылады, оларға мыналар жатады:

- ҒҒТҚН-ға айрықша құқықтарды беру туралы лицензиялық шарт және (немесе) құқықтарды беру шартын жасасу;

- стартап-компания құру;
- ҒҒТҚН-ды жеке өндіріске енгізу (пайдалану);
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де тәсілдер.

11.3 Жұмыс беруші:

- ЗЕКН-ға айрықша құқықтарды өз бетінше басқаруға;
- лицензиялық шарт және (немесе) авторлық шарт негізінде зияткерлік меншікті пайдалану құқығын беруге;
- зияткерлік меншікке айрықша құқықты өзге тәсілмен басқаруға құқылы.

11.4 ҚазҰАЗУ зияткерлік меншікке мүлктік құқықтарды басқаруды олардың мүлкінің меншік иесі болып табылатын уәкілетті мемлекеттік органмен келісусіз жүзеге асырады.

11.5 ҚазҰАЗУ ҒҒТҚН-ды коммерцияландыру мақсатында мүлкінің меншік иесінің келісімінсіз стартап-компаниялардың құрылтайшысы болуға құқылы.

11.6 Стартап-компанияның жарғылық капиталына салым ретінде енгізілетін зияткерлік меншік құқықтарын бағалау Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

11.7 Лицензиялық шарттардың (келісімдердің) талаптары мен түрлері әрбір ЗМО бойынша нарықтық жағдайларға, патенттеу географиясына, әлеуетті лицензиаттардың болуына, ҒҒТҚН әлеуетіне және басқа да факторларға байланысты айқындалады. Лицензиялық шарт Қазақстан Республикасының патенттік ведомствосында тіркелгенге дейін күшіне енбейді.

11.8 Қорғау құжатының авторлары әлеуетті лицензиаттарды іздеуді жүзеге асырады.

12. ҒЫЛЫМИ ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІН (ҒҒТҚН) ҚҰРУ ЖӘНЕ ЕНГІЗУ (ПАЙДАЛАНУ) ҮШІН СЫЙАҚЫ БЕРУ

12.1 Егер қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылған жағдайда, айрықша құқықтары Жұмыс берушіге тиесілі қызметтік ЗМО жасаған қызметкер тек нарықтық іске асыру кезінде ғана сыйақы алуға құқылы:

- зияткерлік меншікті өндіріске енгізгені үшін;
- лицензиялық келісім жасалған жағдайда;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

12.2 Бастамашылық ҒЗТҚЖ шеңберінде құрылған ЗМО бойынша қызметтік ЗМО жасаған қызметкер Комиссия шешімі негізінде ЗЕКН енгізгені үшін сыйақы алуға құқылы.

12.3 Авторға сыйақы төлеу Жұмыс беруші ЗМО-ны коммерцияландырудан табыс алған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

13. МАТЕРИАЛДЫҚ ЕМЕС АКТИВТЕРДІ (МЕА) ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ОБЪЕКТІЛЕРІНІҢ (ЗМО) ҚҰНЫН БАҒАЛАУ ТӘРТІБІ

13.1 Зияткерлік меншік объектісі (ЗМО) ҚазҰАЗУ-дың материалдық емес активі болып табылады. Материалдық емес активтерге құндық бағасы бар, бірақ физикалық объектілер болып табылмайтын құндылықтар жатады.

13.2 Материалдық емес активтерді есепке алу қолданыстағы заңнамаға және ҚазҰАЗУ-дың есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

13.3 Материалдық емес активтердің қозғалысына байланысты шаруашылық операцияларды есепке алу оларды жүзеге асыру негізін қамтитын бастапқы есепке алу құжаттары негізінде жүргізіледі (құқық иеленушінің құқықтарын растайтын құжаттар (оның ішінде қорғау құжаттары), құқықтарды беру туралы шарттар, лицензиялық немесе авторлық шарттар, ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстарды орындауға арналған шарттар).

13.4 ҚазҰАЗУ-да құрылған материалдық емес активтердің құны оларды жасауға және әзірлеуге жұмсалған нақты шығындардың жиынтығы ретінде айқындалады. Оның ішінде: материалдық шығындар, еңбекке ақы төлеу шығындары, бөгде ұйымдардың қызметтеріне жұмсалған шығындар, патенттер мен куәліктерді алуға байланысты патенттік баждар (заңдық маңызы бар әрекеттер), Қазақстан

Республикасының қолданыстағы Салық кодексіне сәйкес шығыстар құрамында есепке алынатын салық сомаларын қоспағанда.

13.5 Бухгалтерлік есепке қабылданған материалдық емес активтердің нақты (бастапқы) құнын өзгерту МЕА-ны бағалау/қайта бағалау және құнсыздану қажеттілігі туындаған жағдайларда жол беріледі. ЗМО-ны бағалау қажеттілігі объективті негіздемеге ие болуы тиіс.

14. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

14.1 Гранттық қаржыландыру шеңберіндегі ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды; мемлекеттік тапсырыс бойынша бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберіндегі ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарламаларды; ҒҒТҚН коммерцияландыруға арналған гранттық қаржыландыруды, шаруашылық шарттарды (келісімшарттық зерттеулерді) іске асыру барысында алынған және қызметтік ЗМО анықтамасына сәйкес келетін кез келген зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелері құпия сипатқа ие.

14.2 Басқарма Төрағасы – Ректордың бірінші орынбасарының алдын ала жазбаша рұқсатынсыз кез келген жариялауға (басылымға шығаруға), ақпаратты ашық ақпарат көздерінде таратуға және беруге тыйым салынады.

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін (ҒҒТҚН) құру туралы хабарлама

Тіркеу № _____
« _____ » _____ 20 ____ ж.

ҚҰПИЯ

Экз. № _____

кімнен _____

Ұсынылған күні

« _____ » _____ 20 ____ ж.

Авторлардың қолы

/ _____ /
/ _____ /
/ _____ /
/ _____ /

Зияткерлік еңбек қызметінің нәтижесін (ЗЕҚН) құру туралы хабарлама

Зияткерлік еңбек қызметінің құрылған нәтижесіне (ЗЕҚН) қатысты құқықтық қорғау алу үшін бастапқы материалдарды қарауыңызды сұраймын (өнертабыс, пайдалы модель, өнеркәсіптік үлгі, селекциялық жетістік, ЭЕМ-ге арналған бағдарлама, деректер базасы, интегралдық микросхемалар топологиясы) (қажеттісін белгілеу)

(ЗЕҚН атауы)

Авторлар (Т.А.Ә., индексімен үй мекенжайы, лауазымы, жұмыс орны, телефоны)

1. _____
2. _____
3. _____

ҒЗТҚЖ нәтижесі ретінде (еңбек міндеттерін орындауға байланысты; Жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындау кезінде; шарт бойынша жұмыстарды орындау барысында; мемлекеттік келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау кезінде; бастамашылық жұмыстарды орындау барысында) (қажеттісін белгілеу).

(№ МК, шаруашылық шарттар, бюджеттік тақырыптар)

(МК, шаруашылық шарттар, бюджеттік тақырыптардың атауы/тақырыбы)

Көрсетілген шарттың талаптарына сәйкес құқықтық қорғауға қабілетті нәтижелерге құқықтар тиесілі:

(шарттың немесе келісімшарттың талаптарын көрсету)

Нәтиже ғылыми-зерттеу жұмысында және/немесе оқу процесінде пайдаланылған

(көрініс тапқан)

(ЖОО-ның құрылымдық бөлімшесі, кафедра, зертхана)

Белгіленген талаптарға сәйкес құқықтық қорғау алу үшін қажетті құжаттарды:

(ЖОО атауы)
рәсімдеуіңізді сұраймын.

Баждарды төлеу бойынша шығыстарды:

(келісімшарт қаражаты, грант қаражаты, ЖОО қаражаты және т.б.)
есебінен жүргізуді сұраймын.

Авторлар ұжымы атынан құрылған ЗЕКН-ды құқықтық қорғау мәселелері бойынша
Технологияларды коммерцияландыру офисімен өзара іс-қимыл жасауға жауапты
тұлға болып:

(Т.А.Ә.)
тағайындалды.

Байланыс телефоны: _____
E-mail _____

Қосымша:

1. FFTҚН туралы мәліметтер:
 - 1.1 Объектінің техника саласы, мақсаты және қолданылу аясы.
 - 1.2 Объектінің мәнінің қысқаша сипаттамасы, осы объект қандай міндетті шешетіні және нарықтың қандай қажеттіліктерін қанағаттандыратыны.
 - 1.3 Ақпарат көздеріне сілтемелермен объектінің баламаларының сипаттамасы.
 - 1.4 Объектінің баламалармен салыстырғандағы артықшылықтары мен кемшіліктері; объектінің баламалармен салыстырғандағы техникалық-экономикалық көрсеткіштері.
 - 1.5 Объектіні өнеркәсіптік игеруге дайындау кезеңі.
 - 1.6 Объектіні өнеркәсіптік игеру үшін материалдық-техникалық ресурстардың болуы, мұндай игеруге қажетті қаржылық шығындар көлемі.
 - 1.7 Осы объект бойынша нарық көлемі.
 - 1.8 Объект – өнім бірлігінің болжамды құны.
 - 1.9 Балама өнім бірлігінің құны.
2. Объектіні өндірудің болжамды көлемі.
3. Авторлық сыйақыны бөлу туралы авторлардың келісімі.
4. Басқа заңды тұлғалардың құқықтары туралы анықтама (басқа өтінім берушілер болған жағдайда).

КЕЛІСІЛДІ:

ЖОО құрылымдық бөлімшесінің басшысы

лауазымы, қолы, күні, аты-жөнінің бас әріптері, тегі

Ережемен танысты:

_____	_____
ҚОЛЫ	Т.А.Ә.
_____	_____
ҚОЛЫ	Т.А.Ә.
_____	_____
ҚОЛЫ	Т.А.Ә.)